

Қарқаралы аудандық мәслихатының шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 маусымдағы ХХІХ сессиясының № VI-29/262 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 11 шілдеде № 4861 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қарқаралы ауданының мәслихатының 2015 жылғы 5 қарашадағы ХХХХІІ сессиясының № 42/379 "Қарқаралы ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 3532 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылы 15 желтоқсанда, 2015 жылғы 19 желтоқсанда "Қарқаралы" газетінің № 101-102 (11432) санында жарияланған) шешімі;

2) Қарқаралы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 қаңтардағы ХLV сессиясының № 45/404 "Қарқаралы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 5 қарашадағы ХХХХІІ сессиясының № 42/379 "Қарқаралы ауданының аумағында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3649 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 ақпанда "Қарқаралы" газетінің № 13-14 (11448) санында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылы 22 ақпанда жарияланған) шешімі.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Сессия төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Бейсенбеков
С. Нуркенов*